Сабақтың тақырыбы:

# *Үй жануарлары*

**Мақсаты:** ***Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Соның ішінде төрт түлік мал туралы түсінік беру.***

# *Ассоциация құру*

**Үй жануарлары**

# Төрт түлік мал







# Сөздік

- Мырзалық – щедрость
- Жеңілдік – легкость
- Сәндік – изящество
- Ақтық – изобилие
- Құлын – жеребёнок
- Қозы – ягнёнок
- Бұзау – телёнок
- Бота – верблюжонок

# ТҮЙЕ - БАЙЛЫҚ



# ҚОЙ - МЫРЗАЛЫҚ




ЕШКІ - ЖЕҢІЛДІК

# ЖЫЛҚЫ – СӘНДІК



# СИЫР - АҚТЫҚ



## 3.”Еңбек түбі - береке.”

***Мына жануарлардың төлдерін атап жазыңдар.***

***Түйе***
***Сиыр***
***Жылқы***
***Қой***
***Ешкі***

# Үй жануарларына байланысты мына сәйкестілікті шешейік

| | |
|---|---|
| **Жануар** | **төлдейді** |
| Сиыр | қоздайды |
| Жылқы | бұзаулайды |
| Түйе | күшіктейді |
| Ешкі | боталайды |
| Ит | балалайды |
| Мысық | құлындайды |

# *ГРАММАТИКА*

Қимылды, іс-әрекетті, жай-күйді білдіретін сөз табы – **етістік** деп аталады.

Сұрақтары: не істеді?, не істейді?, не қылды?

**Етістік**

Негізгі

жаса,бар,кел,айт

Туынды

бас-та, таза-ла

тіс-те, тұз-да

# Тұйық етістік қимылдың атын білдіреді

- Тұйық етістік → түбір + у (келу, бару)
- Тұйық етістік септеледі:

А.с. келу
І.с. келу+дің
Б.с. келу+ге
Т.с. келу+ді
Ж.с. келу+де
Ш.с. келу+ден
К.с. келу+мен

# Берілген сөздерді үш бағанға бөліп жаз

| **Негізгі етістік** | **Туынды етістік** | **Тұйық етістік** |
|---|---|---|
| бар | ақта | бағу |

- Ақта, бар, сана, қызық, тіле, бағу, көшу, тазала, тұзда, жүр, өт, бөл, ақылдас,қыста.

# МӘТІН

Адам баласы пайдаланатын үй жануарлары өте көп. Үй жануарлары: сиыр, түйе, жылқы, қой, ешкі.

Адам жылқы, сиыр, түйе, ешкі, қойды ертеден-ақ пайдаланып **келеді**. Сиырдың сүтін, етін, майын, терісін кейінірек пайдалана **бастаған**. Сүттен айран, май, ірімшік, құрт **жасайды**.

Жылқының (биенің) сүтінен қымыз **ашытады**. Түйенің сүтінен шұбат жасайды.

Үй жануарларын адам көлік ретінде де **пайдаланады**. Атты **мінеді**, арбаға **жегеді**, өгіздің күшін пайдаланады. Ит те адамға көп пайда **келтіреді**. Ит малды қорып, үйді **күзетеді**. Үй жануарларын қора-жайда **ұстайды**.



**Өзі үлкен жануар**
**Үстінде үлкен тауы бар**



**Аласа ғана**
**бойы бар,**
**Айналдырған**
**тоны бар.**



***Екі найзасы бар***
***Екі айнасы бар***
***Төрт***
***сылдырмағы бар***
***Бір***
***шыбырткысы***
***бар.***

## 4.”Білгенге маржан, білмегенге арзан.”

## Ой қозғау

*Сендерді апаларың, аталарың, әкелерің, аналарың қалай еркелетеді?*

## Мағынаны тану

Қой сүйеді баласын “қоңырым”, - деп,
“Ештеңені білмейтін “момыным!”- деп.
Сиыр сүйеді баласын “торпағым”, - деп,
“Қараңғыда баспаған “қорқағым!”- деп.
Түйе сүйеді баласын “боташым”, - деп,
“Жаудыраған көзіңнен “тоташым!”- деп.
Ешкі сүйеді баласын “лағым”, - деп,
“Тастан –тасқа секірген “шұнағым!”- деп.
Жылқы сүйеді баласын “құлыным”, - деп,
“Тұлпар болып жүгірер “жұрыным!”- деп.

# Пысықтау.
# Семантикалық карта

| | Қоңырым момыным | Торпағым қорқағым | Боташым тоташым | Лағым шұнағым | Құлыным жұрыным |
|---|---|---|---|---|---|
| *Түйе* | | | | | |
| *Жылқы* | | | | | |
| *Сиыр* | | | | | |
| *Қой* | | | | | |
| *Ешкі* | | | | | |

# Қорытындылау

“Аймақ құру”

***Үй жануарларының пайдасы***

## Үй тапсырмасы:

***Үй жануарлардың аттарын білу.***
***Үй жануарлар туралы сөйлем құрастырып жазу.***

## Бағалау

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

.